

# Экономиканы тұрақтандыратын тетіктер жеткілікті

**Кенжеғали САҒАДИЕВ,**  
Мәжіліс депутаты, академик.

2007 жыл, яғни тәуелсіздігіміздің 16-шы жылы аяқталып келеді. Егемен еліміз кәмелеттік жастан өтіп, ер жеткен қоғам ретінде өмірін жалғастырып жатыр. Қоштасқалы отырған жыл ішінде айтулы жаңалықтар, жемісті өзгерістер көп болды.

Ата Заңымызға мазмұнды толықтырулар енгіздік. Солардың арқасында барша әлем Қазақстанды президенттік-парламенттік басқару жүйесі қалыптасқан ел деп тани бастады. Аталмыш толықтырулар негізінде Мәжіліс депутаттары жаңадан сайланды. Мажоритарлық жүйеден кетіп, саяси партиялар бәсекеге түсетін сайлау жүйесін қалыптастырдық. Бұл еліміздегі саяси партиялардың, әсіресе “Нұр Отан” халықтық-демократиялық партиясының беделін күшейтті. Жалпы алғанда, конституциялық реформа еліміздің демократиялық негізінде даму үрдісінің маңызды кезеңі болды.

Биыл Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың “Қазақстан-2030” Стратегиясының орындалуына 10 жыл толды. Осы 10 жылда қол жеткен табыстарымыз өте зор. Тығырықтан тез шықтық, экономиканы тұрақты даму сатысына көтердік. Әлеуметтік-экономикалық дамудағы жетістіктердің негізінде алдымызға өте асқақ мақсат — әлемдегі бәсекеге ең қабілетті 50 елдің санатына қосылу міндетін қойып отырмыз. Тәуелсіздігіне небәрі 16 жыл болған біздердің әлем деңгейіндегі ең дамыған елдердің қатарына қосылу мақсатымыз осыған дейінгі жолымыздың нәтижелі болғанының айқын айғағы емес пе!

Мәжілісте “Нұр Отан” партиясының фракциясы екпінді жұмысқа кірісті. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуға өз үлесін қосу ниетімен фракцияда ауқымды үш кеңес құрылды. Мен фракцияда экономиканы

өртараптандыру бағытындағы кеңесті басқарамын. Мақсатымыз — өндірісті, әсіресе оның өңдеуші саласын, жаңа технологияның негізінде дамыту керек салаларына “Нұр Отан” партиясының іс-қимылын шоғырландыру, осы бағыттың нәтижелі дамуына көмек көрсету.

Алдымыздағы 2008 жыл да Президент Стратегиясын орындаудың елеулі кезеңі болғалы тұр. Келесі жылдың бюджеті қабылданды, әлеуметтік саланың өсу деңгейі айқындалды. Тиісті де тиінақты жобалар мен бағдарламалар сарапталады. Сөйтіп бұл жыл да тұрақты даму жылы болмақ.

Дегенмен, әлем елдерінің қаржы күйзелісі бізге де салқынын тигізуде. Шетелден келетін инвестициялар азаюы мүмкін. Осыған қарамай тұрақты дамуға Қазақстанда толық мүмкіндік бар. Дер кезінде әртүрлі қауіп-қатерден сақтайтын қомақты ұлттық қор құрылды, Ұлттық банктің қоры да айтарлықтай. Президент көрсеткен жолдың дұрыстығынан шаруашылықтың әр саласында да алға қойған мақсатты орындауға мүмкіндіктер жасалған.

Жыл аяғында 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына Қазақстан төрағалық етеді деген баршамызды қуантқан хабар жетті. Бұл — ұрпақтан-ұрпаққа жететін үлкен жетістік. Сонау Алтын Орда дәуірінде біздің бабаларымыздың әлем елдеріне ықпалы өте зор болып еді. Содан бері біздер, қазақтар, ешкімге төрелік ете алмадық, керісінше дамыған елдердің, империяның босағасында жүрдік. Міне, 2010 жыл Еуропа елдерінің алқалы жиынына төрағалық ету бізге бұйырып тұр. Бұл нағыз мақтаныш, елдің рухын көтеретін шешім емес пе! Біз Алтын Ордамызбен мақтансақ, келесі ұрпақ егемен Қазақстанның Ақордасының осы табысын мақтан етпей ме!

Жаңа жыл құтты болсын, ағайын!

Құт-береке ортамызда болсын! 2008 жыл да біздер үшін ырысы мол кезеңнің бірі болсын!